

**АРҒЫНБАЙ БЕКБОСЫННЫҢ КӨРКЕМ-ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ЖОЛСАПАР  
ОЧЕРКІ: «ЖЕТІҚАРАҚШЫСЫ ЖОҚ АСПАН»**

**Рахымбаев Нұрсұлтан Мәлсұлы,**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Журналистика және саясаттану  
факультетінің 2-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

[Nursultan-smi@mail.ru](mailto:Nursultan-smi@mail.ru)

Ғылыми жетекші – ф.ғ.к., профессор Сақ Қайрат Өмірбайұлы

[kaisak1964@yandex.kz](mailto:kaisak1964@yandex.kz)

Журналистика жанрларының бір түрі – жолсапар очеркі. Бұған тілшінің белгілі бір өңірге немесе алыс-жақын шетелге сапары жайлы жазбаларын жатқызамыз. Яғни, журналист сапар барысында алған әсерін, көрген-білгенін, көңілге түйгенін, оқырманға қажетті деп санаған қызықты да қызғылықты дүниелерін осы жанр арқылы кең көлемде бөлісуге мүмкіндігі мол.

Очерк күрделілігі мен беру формасының қилылығымен көркем-публицистикалық жанрға кіреді. Себебі бұл жанр түрі журналистен әдеби шеберлік пен жүйрік ойды қажет етеді. Мұнда таза сараптамалық тұжырым мен бейнелілік қабысады.

Очерк портреттік очерк, проблемалық очерк, жол-сапар очерк болып үшке бөлінеді. Жолсапар очеркі журналистке еркіндік береді. Тиісінше жазу қабілетін байқатады. Жолсапар очеркіне баспасөз зерттеушісі Д. Баялиева мынадай анықтама береді: «Бұл очерк жанрының ең көне түрі. Ол автор жол-жөнекей көрген-білгенін, кездесулер мен куәсі болған оқиғалардың негізінде жазылады. Автор өзін толғандыратын әлеуметтік-экономикалық, ғылыми, мәдени, салттық-саналық мәселелерді ғана іріктеп әңгімелейді». [1.149 б]

Жолсапар очерктерінің ішіндегі кеңінен танымал Шоқан Уәлихановтың «Қашқарияға сапарын» қазақ журналистикасының «алтын қорына» жатқызамыз. Сонымен қатар, Мұхтар Әуезовтың «Үндістан очерктері», «Америка әсерлері», Бауыржан Момышұлының «Қудабағы кездесулері», Назарбек Оразбековтың «Мұхиттың арғы жағы бергі жағы» атты жолжазбалары отандық журналистиканың көркемдік шеберлігін көрсетеді.

Танымал журналист, көсемсөзші һәм қоғам қайраткері Арғынбай Бекбосынұлының «Жетіқарақшысы жоқ аспан» (Батыс бизнесі журналист көзімен) [2] атты жолсапар очеркін де толымды туындыларға жатқызамыз. Себебі Америка Құрама Штаттары мен Герман Федеративтік Республикасы бірсыпыра қалаларының 1990 жылдардағы тыныс-тіршілігі, бизнес әлемінің кейбір қырлары, халықтардың рухани туыстығы мен байланыстары көркем суреттеледі. Және де еліміздің тәуелсіздік алған алғашқы жылдарындағы мемлекеттік даму үдерсіндегі қиындықтар мен жүйелік қателіктерді салыстырмалы тұрғыда ашық айтады. Туынды сонысымен құнды.

Жолжазба жинақталып, 1991 жылы Алматы қаласы «Қазақстан» баспасында 10 000 дана тиражбен жарық көреді. Таралымның көптігі, тиісінше туындының сұранысын көрсетеді. Бұл жөнінде балалар жазушысы Әлдіхан Қалдыбаев А.Бекбосын жайлы естелігінде былай дейді: «Нарықтық қатынастарға түбі көшетімізді болжай білген А.Бекбосынұлы 1989 жылы мамырда шетелге іс-сапармен барып, келіп «Венгрлік вариант» экономикалық очерктерін жариялай бастады. Келесі, 1990 жылы Америка Құрама Штаттары мен Германияға сапарларынан келісімен бір апта ішінде машинисткаға ауызша айтып «Жетіқарақшысы жоқ аспан» атты публицистикалық көлемді еңбегін жариялады. Күні туып келе жатқан рыноктық қатынас мәселесін қозғағандықтан республикалық «Қазақстан» баспасы аттай қалап алып, жедел түрде оны он мың дана таралыммен кітап етіп шығарды. Көсемсөзде шетел тақырыбын шебер қозғаған шығармаға алғашқы болып пікір білдіргендердің бірі, қазақтың жұлдызы жоғары ақын қызы Фариза Оңғарсынова «Егемен Қазақстанға» көлемді мақала жариялап, онда нарықтық қатынастардың негіздерін үйренуге көмектесетінін айта келіп, «бұл кітап әрбір қазақтың төрінде тұруы тиіс» деген баға берді. Артынша аталмыш еңбегі үшін Халықаралық журналистер конференциясы сыйлығының лауреаты атанды» [4.8 б] - деп еске алады.

Расында қазақтың аяулы ақыны Фариза Оңғарсынова: «Елдіктің алтын қазықтарының бір ұшы облыстың (Жамбыл) тәрбие ошағы «Ақ жол» редакциясында, оның басында отырған терең

ойлы, биік мұратты, шебер жазушы Арғынбай секілді азаматтарда жатыр екен ғой!..»[3.56] - деп қайраткерге тиісінше өз ілтипатын білдірген.

Автор очеркті «Айтылатын әңгіменің әлқиссасы» деп бастап, сапар барысын, мәселенің мәнісін бірден көрсетуге тырысады. «Қазақтың «Бармасаң, келмесең – жат боласың» деген, өзіндей қарапайым, ілгергі бір замандардағы төбе биі – Төлебидің сөзіндей дана мәтелі халықаралық қатынастарға да қатысты болып шаға келді». Қандай тамаша тауып айтылған сөз, ә! Жинақта М.Дулатовтың сарынына салып, «Оян, қазақ!» деп жігерінді жанып, қайратынды одан сайын қайрай түсетін тұстар жиі кездеседі.

Очеркте Тәуелсіздігін кеше ғана алған Қазақстанның АҚШ-пен алғашқы қарым-қатынасын жақсарту мақсатындаға жасалған жұмыстары жайлы сөз етіледі. Құрманда қауіпсіздендіру фирмасының иесі Алекс Шубин, халықаралық «бидерманн – Интерноционал» фирмасының қожасы Харольд Бидерманн, Калифорния университетінің профессоры Томас Вилецкий мырзалар мен Фреснодағы халықаралық ағылшын тілі институтының басқарушысы Джуди Хардин ханым бар делегация Қазақстанға келген. Артынша Арғынбай Бекбосын бастаған бір топ ел өкілдерін АҚШ-қа шақырып, екі ел арасында алғашқы кері байланыс орнаған. А. Бекбосынұлы бұл жөнінде әңгімесін былай жөсілтеді: «Осы сапар кезінде екі қаланың экономикалық қарым-қатынасын кеңейтуге, оны ендігі жерде уағдаластықтан іскерлік рельсіне көшіруге ден қойылған еді. *Бұл америкалықтарды қайдам, саяси және экономикалық, әлеуметтік даму жолымызда талай жолсыздықтарға жолығып, бүгінде қай жағынан болса да дағдарысқа ұшырып, содан құтылудың нешелеге жазылған жалғыз жолы – нарықтық экономикаға көшу деп қалт-құлт деп отырған біз үшін айрықша маңызды*», - дейді.

Бұл арада А.Бекбосынұлының білікті кадр ретінде ел болашағын алаңдатқан мәселені қаузап келіп, одан шығу тетігін, сол тұстағы саяси-экономикалық ахуалды, ситуацияны сезіне алғандығын көреміз.

АҚШ-тағы сапарының әр күнін бүге-шүгесіне дейін жазған автор, жинақтың бірінші бөліміне «Осындай екенсің ғой, Америка» деп тақырып қойған. Онда А. Бекбосынұлы демократиялық қоғам құруға ерте бет алған Американы бізбен одақтас болған ТМД елдерінің ешбірімен салыстыруға келмейтінін баса айтады. Сонымен қатар, америкалықтардың ауыл шаруашылығын ұршықша иіруіне танданысын жасырмайды. Очеркте көтерілген мәселелердің бірі – тіл тақырыбы. Онда автор біздің келешек ұрпақтың ағылшын тілін білуге деген мұқтаждық алдағы 20 жылда туындауы мүмкін екенін болжамды түрде айтады. Шынтуайтында солай болды. Араға ширек уақыт салып, Тұңғыш ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен Үш тұғырлы тіл саясаты мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асты.

Очеркте қозғау сылынған келісі бір мәселе – ол егін шаруашылығы. АҚШ экономикасының қуатты дамуын азық-түлік шығаратын кәсіпорындардың көптігімен түсіндіреді. Және біздегідей бос жатқан суармалы егін алқаптарының жоқтығын айтады. Әр шаршы метрден өнім алады. Бір қарыс бос жер жоқтығын жеткізеді. «Әуелгі көрген цехымыздың көлемі шамамен біржарым гектардай жерді алып жатыр. Осындай үлкен өндіріс орнында небәрі 250 адам үш сменада жұмыс істейді екен. Бізде 8 сағат жұмыс істеп, 16 сағат тоқтап тұратын кәсіпорындар қаншама!» [2.30-б].

Осыған қатысты автор айтарын алыстан алмай-ақ, бір түйір мейізді мысал етеді. Мәселен, «Мейіз десе, неге екенін қайдам, көз алдыма Америка емес, басқа да Батыс елдері емес, Шығыс елдері, олардағы, өзіміздегі асықпай шай ішіп, шүйіркелесе әңгімелесіп отыратын қария кісілер елестейді. Сол дәмді арзандау бағамен дүкеннен емес, өмір бойы базардағы ала таяқ, сырма шапандылардың айтқан бағасына алып жүре бергенеге көңіл көндігіп кеткен. Халықты қашанғы солардың қолына қарата бермекпіз?». [2.49 б].

Бұл мысал әлі де өзектілігін жоймаған. Еліміздің қай қаласына барсақ та, шұлығын сатқан түріктен, бәлішін сатқан өзбектен, киімін сатқан айыр қалпақты ағайын алдымыздан шығады. Біз оларды қашан алмастырамыз деген сұрақ қой сондағысы.

«Жетіқарақшысы жоқ аспанда» тәрбиелік, салт-саналық тұрғыдан да екі ел арасындағы салыстырмалы, салмақты ойлар да айтылады. Атақты Лос-Анджелестен бір ашық-шашық киінген қыз көрмегенін айтады. «Қолайлы ма, қолайсыз ба, біле алмадым. Бірақ, ата-баба салтын сақтануда үлкен бір имандылық жатқандай боп көрінеді. Біздің кейбір қыз балаларымыз әйтеуір қала аты бар бір жерге бара қалса болды, жартылай жалаңаш жүруге де бар» - дейді А. Бекбосын.

Бұл 1991 жылы жазылған жолжазба екенін ескерсек, осыдан 30 жыл бұрын бар мәселе ушықпаса, қайта түзелмеген сияқты.

Одан әрмен құрамында А. Бекбосын бар біздің елден барған бір топ делегация АҚШ асып, Германияның Карлсхафен қаласына барған. Автор ондағы көзкөрген жайттарды жазады. Жазғанда қандай, бейне бір сол елде өзің сапар шегіп жүргендей әсерде қаласың.

28 қыркүйек. Дәл осы аталмыш қала аумағындағы кәсіпорындарды аралаған автор, немістер біздегідей жұмыстың өнімділігіне емес, табиғаттың ластанбауына, ауаның тазалығына, халқының денсаулығына қатты алаңдайтынын жетізген. Тәулік бойы жұмысын тоқтатпайтын кәсіпорын аумағындағы шалшық суда бір құрбақа солардың салдарынан өлетін болса, мекемеге айыппұл салып әуре болмай, жауап тынады екен. Осы тұста «НАДФОС», «Суперфосфат» және мазут жағатын ГРЭС т.б бірқатар Жамбыл өңіріндегі ірі кәсіпорндарды тілге тиек етеді. «Газеттерде «Экология» деген атпен баттатып басылып, бірақ мың түрлі себеп-сылтаумен оңдырып орындалмай жатқан программаға жауапты бола тұра, жауапсыз қараған басшылар еске түседі», - деп ашына жазып: «Ауыр атқа қамшы ауыр» десек те, уланып, өліп жатқан малды қойшы, әрі денсаулығынан ажырап, әрі бауыр еті –

Баласы шетінеген келіндердің обалына кімдер қалып отыр?! Халықтың, келер ұрпақтың есендігін ескермей отырғандарға не дауа?» деген сауалдар жат жерде де жанды жеп барады», - деп күйінеді.

А.Бекбосынның даму үрдісінде екі ел арасындағы алшақтықты салыстыра келіп, қоғамға қозғау салар сол тұстағы көтерген мәселелері, әлі күнге шешімін таппағандығын, өзектілігін жоймағандығын көреміз.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Күзембайұлы А. Деректану. Оқу құралы. Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты. – Қостанай, 2017. – 228б
2. Бекбосынов А. Жетіқарақшысы жоқ аспан: (Батыс бизнесі журналист көзімен). – Алматы: Қазақстан, 1991. – 96 б
3. Толқынбаұлы Т. «Жүзі жарық Ар-аға». – Алматы: Ұшқын, 2012. – 149-б
4. «Айқын» республикалық қоғамдық-саяси газеті, №64 - 21 маусым 2012. – 8 б